

"Сырттай, кешкі және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін және Жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру нұсқаулығын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 5 қаңтардағы № 1 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 5 ақпанда № 13010 болып тіркелді

Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. «Сырттай, кешкі және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін және Жоғары білім беретін білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру нұсқаулығын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2010 жылғы 8 ақпандағы № 40 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6111 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2010 жылғы 12 шілдеде № 11 жарияланған)

мынадай өзгерістер енгізілсін:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

«Сырттай, кешкі нысандарда және экстернат нысанында білім алуға жол берілмейтін кәсіптер мен мамандықтардың тізбесін және Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы»;

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 15), 15-1) тармақшаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**»;

1-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру қағидалары бекітілсін.»;

көрсетілген бұйрыққа 2-қосымша осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда ж а з ы л с ы н .

2. Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім және халықаралық ынтымақтастық департаменті (С.М.Өмірбаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік т і р к е л у і н ;

2) осы бұйрықтың көшірмесін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде мерзімді баспа басылымдарында және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде орналастыру үшін «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Т.О. Балықбаевқа жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
м і н д е т і н а т қ а р у ш ы Т. Балықбаев

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң м . а .
2 0 1 6 ж ы л ғ ы 5 қ а ң т а р д а ғ ы

№ 1 бұйрығына қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Б і л і м ж ә н е ғ ы л ы м м и н и с т р і н і ң
2 0 1 0 ж ы л ғ ы 8 а қ п а н д а ғ ы

№ 40 бұйрығына 2-қосымша

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру қағидалары

1. Осы Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру қағидалары (бұдан әрі – Қағида) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 15-1) тармақшасына сәйкес әзірленген және экстернат нысанында оқытуға рұқсат беруді ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Осы Қағиданың әрекеті ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына карамастан білім беру ұйымдарында қолданылады.

Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру тәртібі

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) төмендегі білім алушылардың санаттарына экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді :

- 1) даму мүмкіндігі шектеулі және денсаулығына байланысты білім беру ұйымына ұзақ уақыт бойы келе алмайтын мүгедек білім алушыларға;
- 2) екінші және одан жоғары курстардың «үздік» оқитын (А, А- бағасына балама) білім алушыларға ;
- 3) күндізгі оқу нысанында, Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашақ» халықаралық стипендиясының иегерлерінен басқа бір жылға дейінгі ауысу бағдарламасы бойынша шетелде оқитын білім алушыларға;
- 4) сырттай оқу нысанында, ұзақтығы бір жылға дейінгі қызметтік іссапардағы білім алушыларға .

3 . Экстернат :

оқытудың барлық кезеңінде осы Қағиданың 2-тармағының 1) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін білім алушыларға; бір академиялық кезеңде, бірақ бір оқу жылынан аспайтын кезеңде осы Қағиданың 2-тармағы 2) тармақшасының талабына сәйкес білім алушыларға ұсынылады.

4. Экстернат нысанында оқуға рұқсат алу үшін білім алушы білім беру ұйымының бірінші басшысының атына экстернат нысанына ауысу туралы ерікті нысандағы өтінішті білім алушы академиялық кезеңнің немесе оқу жылының басталуына дейін бір ай бұрын береді. Егер өтініш беруші тұлға кәмелет жасқа толмаған болса, өтінішті оның ата-анасы немесе заңды өкілі береді.

5 . Өтінішке :

1) Осы Қағиданың 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес: білім алушы дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытынды анықтамасын немесе Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық органы берген мүгедектік туралы қорытынды анықтаманы (даму мүмкіндігі шектеулі және мүгедек білім алушылар) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттама нысанына сәйкес ;

2) Осы Қағиданың 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес: күндізгі оқыту нысанында білім алушы ауысу бағдарламасы бойынша шетелде оқу

үшін іссапарға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесін;
білім алушының оқу ісі жөніндегі проректор растаған сынақ кітапшасының
к ө ш і р м е с і н ;

3) Осы Қағиданың 2-тармағының 2) тармақшасына сәйкес:
сырттай оқыту нысанында білім алушы ұзақтығы бір жылға дейінгі қызметтік
іссапарға жіберу туралы бұйрықтың көшірмесін;
білім алушының оқу ісі жөніндегі проректор растаған сынақ кітапшасының
к ө ш і р м е с і н т і р к е й д і .

6. Экстернат нысанында оқытуға ауысу туралы білім алушының ерікті нысандағы
өтініші жоғары оқу орнының (бұдан әрі - ЖОО) құрылымдық бөлімшесі басшысының
ұсынысы негізінде ЖОО-ның Ғылыми кеңесінің отырысында қаралады.
Өтінішті қарау мерзімі өтініш берген күннен бастап он төрт жұмыс күнінен аспауы
к е р е к .

7. ЖОО-ның Ғылыми кеңесі қарау нәтижелері бойынша білім алушыны экстернат
нысанында оқытуға ауыстыру туралы немесе ауыстырудан бас тарту туралы
негізделген ұ с ы н ы м шығарады.

8. Білім алушыны экстернат нысанында оқытуға ауыстыру туралы ұсыным
шығарылған жағдайда осы Қағиданың 4 және 5-тармақтарында көрсетілген құжаттар
ЖОО-ның Ғылыми кеңесінің мөрмен бекітілген хаттамасынан үзіндімен қоса
Министрліктің қарауына жіберіледі.

9. Экстернат нысанында оқытуға ауысу туралы құжаттар Министрлікке экстернат
нысанында оқытуға ауысу жоспарланған академиялық кезеңнің немесе оқу жылының
басталуына дейін екі аптадан кешіктірілмей ұсынылуға тиіс.

10. Министрлік экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру туралы білім алушының
құжаттарын он төрт жұмыс күнінің ішінде қарайды, қарау қорытындылары бойынша
экстернат нысанында оқытуға рұқсатты оқу кезеңі мен ұзақтығын көрсете отырып
жазбаша түрде береді не дәлелді түрде бас тартуға шешім шығарады.

11. Осы Қағиданың 2-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда
білім беру ұйымына рұқсатты беруден дәлелді түрде бас тарту туралы хат жіберіледі.

12. Министрліктің білім алушыны экстернат нысанында оқытуға ауыстыру туралы
рұқсаты ЖОО-ның бұйрық шығаруы үшін негіз болып табылады.